



**“ТІЛ БІЛІМІ МЕКТЕБІ”
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА
ПОТЕНТТЕЛГЕН
ЗЕРТХАНАЛАР**



«Тілге бойлау» жобасы оқушылардың тілдік қабілеттерін шыңдауға, олардың қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Тілге бойлау» жобасының концепциясын іске асыру мақсатында мектебіміздің 1-сынып оқушылары облысымызда алғаш болып осы жобаға қатысып отыр.

Экспериментальды сынып ретінде 1 «Ә» сынып оқушылары таңдалынды, жетекшісі бастауыш сынып мұғалімі Далиева Кенже Әбубәкірқызы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



АКИМАТ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

14. желтоқсан 2024 ж.т.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ *116-Н/11*
г.о.р.д. Қызылорда

«Тілге бойлау (Тіл білімі мектебі)» жобасын ендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын және «Тілге бойлау» республикалық жобасын жүзеге асыру, қазақ тілін үйрену сапасын арттыру, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тілге бойлау (Тіл білімі мектебі)» жобасы ендірілетін «тірек білім беру ұйымы ретінде» Қызылорда қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы № 211 орта мектебі бекітілсін.
2. Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі қажетті ұйымдастыру, материалдық-техникалық жабдықтау бағытындағы жұмыстарды жүргізісін.
3. Жобаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау, әдістемелік көмек көрсету Қызылорда облыстық оқу орталығына (әдістемелік кабинет) жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Б. Бердаулетовке жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



А. Есжанов

«АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ» ЗЕРТХАНАСЫ

Академиялық жазылым зертханасында күнделікті қарым-қатынас үшін өзекті әлеуметтік-мәдени, ғылыми, ресми-іскери және оқу салалары бойынша жазбаша мәтіндерді жазуды үйренеді. Нәтижесінде орфография мен пунктуацияны сақтап дұрыс жазуды, мәтінге жоспар, ғылыми жоба жоспарын құру, мазмұндама, шығарма, эссе жазу тақырыпты өз сөзімен ашып, логикалық түрде ойын жеткізе білуді меңгереді.

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың жазу дағдыларын дамыту – ғылыми, академиялық және шығармашылық жазылымды жетілдіруге көмектесу. Эссе, зерттеу жұмыстарын жазуға әдістемелік көмек көрсету.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Оқушылардың ғылыми, академиялық және шығармашылық жазу дағдылары қалыптасады. Эссе мен зерттеу жұмыстарын сауатты әрі құрылымдық талаптарға сай жаза алады. Сөздік қоры мен тілдік сауаттылығы артады.

Бүгінгі күні 50 мұғалім «Академиялық жазылымның теориясы мен практикасы» тақырыбында 72 сағаттық біліктілікті арттыру курсынан өтті.

- ✦ Қазақ тілімен әдебиеті пәні мұғалімдері – 8
- ✦ Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері – 5
- ✦ Бастауыш пән мұғалімдері – 10
- ✦ Жаратылыстану пән мұғалімдері – 9
- ✦ Көркем еңбек пән мұғалімдері – 3
- ✦ Ағылшы тілі пән бірлестігі – 6
- ✦ Тарих пән мұғалімдері – 4
- ✦ Дене шынықтыру пән бірлестігі – 5



«Академиялық жазылым» зертханасы аясында жазылған эссе тақырыптары

5-6-сыныптар бойынша

- Менің арманымдағы Қазақстан
- Табиғатты аялау – әр адамның міндеті
- Менің отбасым – менің мақтанышым
- Егер мен сиқыршы болсам...
- Менің сүйікті пәнім
- Мен оқыған ең қызықты кітап
- Менің досым...
- Мектеп – екінші үйім
- Менің сүйікті ұлттық тағамым
- Менің ана тілім – менің байлығым

9-сыныптар бойынша

- Жастар және қазіргі қоғам: менің орным қандай?
- Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтаудың маңызы
- Заманауи технологиялардың пайдасы мен зияны
- Болашақ мамандығым – менің таңдауым
- Тіл – халықтың жаны
- Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің жанашыры
- Абай мұрасы – рухани азық
- Менің сүйікті ақын-жазушым
- Болашақ – экологиялық таза әлемде
- Су – тіршілік көзі
- Менің туған өлкемнің табиғаты
- Өмірден өз орнымды қалай табамын?
- Армансыз адам – қанатсыз құс
- Кітап – ең жақсы ұстаз
- Табиғатты аялау – өзіңді аялау

7-8-сыныптар бойынша

- Табиғатты қорғау – әр азаматтың міндеті
- Менің отбасым – менің мақтанышым
- Шынайы достықтың құндылығы
- Менің өмірлік ұстанымым
- Білімді болу – табысты болудың кепілі
- Егер мен мектеп директоры болсам...
- Наурыз – береке мен бірлік мерекесі
- Ұлттық киім – ұлттың айнасы
- Технология адам өмірін қалай өзгертті?
- Интернеттің пайдасы мен зияны

10-11-сыныптар бойынша

- Қазіргі қоғамдағы отбасының рөлі
- Жастар және әлеуметтік желілер: пайдасы мен зияны
- Білім – табысты өмірдің кепілі ме?
- Жасанды интеллект: адамзатқа қауіп пе, мүмкіндік пе?
- Болашақтың мамандықтары: қандай салалар сұранысқа ие болады?
- Махаббат пен достық – мәңгілік құндылықтар
- Кітап оқу – адамның ой-өрісін дамытудың басты жолы
- Тәуелсіздік – біздің басты байлығымыз
- Қазақ батырларының ерліктері – бүгінгі ұрпаққа үлгі
- Қазіргі әлемдегі көшбасшылықтың мәні
- Болашақты қалай елестетемін?
- Цифрлық дәуірдегі жеке өмір қауіпсіздігі
- Қазақстанның жасыл экономикаға көшу мүмкіндіктері
- Қазіргі жастардың құндылықтары қалай өзгеруде?
- Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух мәселесі

«Академиялық жазылым» зертханасында тұрақты жүргізілетін айдар – «НҰРЛЫ СӨЗ»

Әр жұмада шығатын «Нұрлы сөз» айдарының мақсаты – қазақ тіліндегі сөздердің мән-мағынасын терең түсініп, тіл байлығын арттыру. Бұл айдар тілге қатысты түрлі аспектілерді қарастырады, оның ішінде сөздердің синонимдерін көрсету маңызды орын алады.



«ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

Зертхана жұмысы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, академиялық білімдері мен дағдыларын, білім алушылардың оқу сауаттылығының сапасын дамыту бойынша кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге басымдық танытады.

Оқушылардың мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын, мәтінді түсіну, талдау, интерпретациялау, бағалау және қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталған **«Оқимыз, түсінеміз, қолданамыз»** айдары

Айдар жетекшісі қазақтілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жанат Сейділдаева.

Жүргізушісі 5 «А» оқушысы Айару Қонысбек.

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытуға, дұрыс дыбыстау мен мәнерлі сөйлеуді қалыптастыруға бағытталған. Бұл зертхана арқылы білім алушылардың фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тұрғыдан сауатты сөйлеу дағдысын жетілдіру көзделеді.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Қазақ халқының дәстүрлі өлшем жүйесінің тарихи, мәдени және практикалық маңызын ұғындыру, жастарды ұлттық құндылықтармен таныстыру және оны қазіргі заманмен байланыстыра отырып қайта жаңғырту.

Ұзақ мерзімді нәтижелер:

- ◆ Ұлттық мәдени мұраның сақталуы мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуі қамтамасыз етіледі.
- ◆ Бағзы өлшем бірліктері заманауи білім беру мен ғылыми зерттеулер саласына енгізіліп, қазақ халқының дәстүрлі өлшем жүйесінің маңыздылығы әлемдік деңгейде мойындалуы мүмкін.
- ◆ Қоғамның әртүрлі саласында (білім беру, бизнес, өнер) ұлттық рухани құндылықтарды пайдалану үрдісі қалыптасады.

Әр шығарылым сайын байырғы өлшем бірліктер тек сандық бірліктерді ғана көрсетіп қоймай, олардың тұрақты тіркестерде кездесетін өлшемдердің қазақ тілінде де белгілі бір мағынаны білдіретіндігін, оларды қазақ тілі сабағында да пайдалануға болатындығы айтылуда.





«Мен оқыған үздік туынды» бейнетүсірілім

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оқыған шығармалар арқылы олардың шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлауын дамыту.

Оқу мәдениетін насихаттау:

- ♦ Оқушыларды кітап оқуға ынталандыру және оқудың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- ♦ Әдебиетке деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру;
- ♦ Шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- ♦ Оқушылардың оқыған туындысы бойынша өз ойларын көркем және әсерлі түрде жеткізуіне мүмкіндік беру;
- ♦ Эссе жазу, сахналық қойылым жасау, сурет салу, бейнеролик түсіру сияқты шығармашылық жұмыстар арқылы өз таланты мен қабілеттерін көрсетуге жағдай жасау.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- ♦ Кітап оқуға қызығушылық артады;
- ♦ Оқушылар арасында кітап оқу сәнді, қызықты және пайдалы іс ретінде қабылданады;
- ♦ Сауаттылық деңгейі жоғарылайды;
- ♦ Шығармаларды талдау арқылы оқушылардың тілдік қорлары байып, сауатты сөйлеу және жазу қабілеттері артады;
- ♦ Қатысушылар өздерін әртүрлі бағытта (жазу, бейнеролик жасау, өнер көрсету) көрсетуге мүмкіндік алады.



PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығы дағдыларын қазақ тілі сабағында тиімді қолдану

МАҚСАТЫ:

Оқушылардың мәтіндерді түсіну, талдау және өмірлік қажеттіліктеріне қолдану қабілетін анықтау. Бұл зерттеу оқу сауаттылығын оқушының қазіргі қоғамдағы ақпараттық кеңістікте табысты өмір сүруіне қажетті басты дағды ретінде бағалайды.

PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығының негізгі мақсаттары:

- ♦ Мәтінді түсіну дағдысын бағалау:
 - Оқушылардың жазбаша мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және ондағы ақпаратты дұрыс қабылдау қабілетін анықтау.
- ♦ Мәтінді талдау және интерпретациялау қабілетін дамыту:
 - Мәтіндегі ақпараттар арасындағы байланыстарды табу, автордың көзқарасын анықтау және ақпаратты сараптау қабілетін өлшеу.
 - Мәтіннен алынған ақпаратты қолдану:
 - Оқушының мәтін мазмұнын күнделікті өмірдегі мәселелерді шешу үшін қолдана алуын бағалау;
 - Ақпаратты әртүрлі жағдайларда (жеке, әлеуметтік, білімдік) пайдалану дағдыларын анықтау.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- ♦ Тұтас мәтіндермен жұмыс оқушылардың әдеби және ғылыми мәтіндерді терең түсінуін дамытады;
- ♦ Тұтас емес мәтіндермен жұмыс оқушыларға заманауи ақпараттық қоғамдағы кесте, диаграмма, график сияқты визуалды деректерді түсініп, қолдануға мүмкіндік береді;
- ♦ Екі мәтін түрімен жұмыс жасау сыни және функционалдық сауаттылықты арттырады, оқушыларды ақпаратты түрлі форматта қабылдауға және оны шешім қабылдау үшін пайдалануға бейімдейді.



«ГРАММАТИКАЛЫҚ ӨНЕР» ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ ЗЕРТХАНАСЫ

